

10 Практикалық жұмыс

Топырақ мониторингісі

1. *Топырақ мониторингін ұйымдастыру принциптері.*

2. *Жерді ұтымды пайдаланудың және қорғаудың құқықтық нормалары.*

Әдебиеттер: Степановских, 334-441; 361-362-бет; Асқарова Ұ.Б. 277-283;

Рекультивация дегеніміз бұзылған жерлерді, территорияларды және табиғи ландшафтарды қалпына келтіруге бағытталған іс шаралар кешені.

Рекультивация объектілері болып саналады:

- карьерлер, террикондар, үйінділер; Пайдаланылғаннан кейінгі бос тау жыныстарының қалдықтары террикон деп аталады.

- құрылыс жұмыстары жүргізілген алқаптар;

- қатты қалдықтар полигондары;

- ластану әсерінен табиғи тұтастығы бұзылған аймақтар;

- әскери және өндіруші өнеркәсіп әрекетіне байланысты бұзылған топырақтар;

Рекультивация түрлері:

1. Тау-техникалық - алдын ала дайындау: тегістеу жұмыстары, құнарлы топырақ қабатын сыдыру, тасымалдау және төсеу т.б. шұңқырларды тегістеу, карьерлерде су қоймаларын жасау; террикондар, үйінділерді бөлшектеу, бос жер асты қуыстарын тегістеу;

2. Биологиялық – дайындалған учаскелерде тұтас өсімдік жамылғысын қалыптастыру: а) ландшафт жасау, грунттарды бекіту, өсімдік, жануар мекендеуіне қолайлы жағдай жасау, демалыс аймағын жобалау, шабындық-жайылым алқаптарын қайта жасақтап өнімділікті қалпына келтіру; б) рекультивацияның басым бағытын анықтау: су шаруашылықтық, рекреациялық, құрылыстық т.б.; в) құрылыс – ғимараттар мен басқа да құрылыс объектілерін тұрғызу.

Рекультивацияланған жерлерді пайдаланудың негізгі бағыттары:

- ауыл шаруашылық (егістіктер, шабындық, жайылым, көп жылдық екпелер);

- орман шаруашылық (эксплуатациялық және арнайы мақсаттағы орман алқаптары мен жолақтары);

- рекреациялық (бұзылған жерлерде демалыс объектілерін салу);

- балық шаруашылық (техногенді рельефтің ойыс жерлерінде балық өсіретін тоғандар салу);

- су шаруашылық (техногендік рельефтің ойыс жерлерінде түрлі мақсаттағы су қоймаларын салу);

- санитарлық-гигиеналық (қоршаған ортаға зиянды әсер ететін бірақ рекультивация жұмыстарын жүргізу тиімді болып саналмайтын учаскелерде бұзылған жерлерді биологиялық және техникалық консервация жасау);

- құрылыс (шаруашылық және азаматтық құрылыс салуға жарамды күйге келтіру).

Рекультивацияланған жерлерді кейіннен пайдаланудың негізгі түрлері:

- Орман питомниктері, жалпы шаруашылық және егістік алқап қорғау бағытында орман отырғызу;

- Шабындықтар, жайылымдар, көп жылдық шөп екпелері, егістіктер, бау учаскелері;

- Түрлі мақсаттағы су қоймалары, соның ішінде балық өсіруге мүмкін болатын;

- Сауықтыру мақсатындағы су қоймалары, демалыс аймағы, туристік базалар, спорттық құрылыстар;

- Техникалық немесе басқа да қондырғылармен бекітілген және газға төзімді өсімдіктер екен учаскелер;

- Ғимараттар, өндірістік және басқа да объектілер;

- Өндіріс қалдықтарын орналастыратын территория;

Рекультивация жұмыстарының негізгі кезеңдері техникалық (тау-техникалық) және биологиялық. Бұзылған жерлерді қалпына келтіруде ең алдымен техникалық рекультивация, ал одан кейін биологиялық рекультивация жүргізіледі.

Бұзылған жер бетін ауыл шаруашылық дақылдары мен ағаштарды отырғызу арқылы қалпына келтіру процесі биологиялық рекультивация деп аталады.

Рекультивацияның биологиялық этаптарында ауыл шаруашылық дақылдары мен ағаштарды егу жүргізіледі.

Құнарсыздандырылған жерлердің түпкілікті жақсартылуы мелиорация деп аталады.

Агроэкожүйелердің құнарлығын арттыру бағытында жүргізілетін мелиорация шараларына топырақты суару, құрғату, эрозияға қарсы шаралар жатады.

Көкөніс шаруашылығы мен гүл шаруашылығында гидропоника және аэропоника қолданылады, гидропоника – субстрат ретінде тұз ерітінділерімен суарылатын малта тастар, ал аэропоникада – субстрат болмайды, өсімдік тамырларына минералды тұз ерітінділері бүркіледі.

Тапсырма:

1. Топырақ мониторингін ұйымдастыру принциптері.

2. Жерді ұтымды пайдаланудың және қорғаудың құқықтық нормалары.

3. Рекультивация деген не?

4. Рекультивацияланған жерлерді пайдаланудың негізгі бағыттарына реферат дайында

